

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық милициясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 6 маусым N 596. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.16. N 459 жарлығымен.

"Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 ақпандағы N 1562 қаулысын /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1994 ж., N 8, 80-бап/ орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі құрамында салық қызметінің қолда бар штат саны шегінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының салық милициясы басқармасы мен оның облыстары, Алматы және Ленинск қалалары, аудандар, қалалар мен қаладағы аудандар бойынша аймақтық органдарынан тұратын салық милициясы органдарының орталықтандырылған жүйесі құрылсын.

2. Салық милициясы басқармасының бастығы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы бастығының орынбасары болып табылады, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық қызметінің салық милициясы туралы ұсынылып отырған уақытша ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 6 маусымдағы
N 596 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
салық қызметінің салық милициясы туралы
У А Қ Ы Т Ш А Е Р Е Ж Е

Бұл Ереже - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық милициясының құқықтық негіздерін, қызметі мен ұйымдастыру принциптерін, жүйесін айқындайды /бұдан былай - салық милициясы/.

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Салық милициясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық қызметінің орталықтандырылған құрылымдық бөлімшесі және өзінің мәртебесі бойынша жауап алу орган болып табылады, салық қызметі органдары жұмысының тиімділігін арттыруға, салық заңдарының сақталуын, бюджетке салықтардың және басқа міндетті төлемдердің уақтылы әрі толық түсуін қамтамасыз етуге бағытталатын заңда көзделген шараларды жүзеге асырады.

2. Салық милициясының жүйесін:

Бас салық инспекциясы салық милициясының басқармасы; облыстар, аудандар, қалалар, және қалалардағы аудандар бойынша салық инспекцияларының салық милициялары құрайды.

3. Салық милициясы қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы", "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары, қылмыстық істер жүргізу, әкімшілік заңдарды, өзге де заң және заңдылық нормативті актілер мен осы Ереже құрайды.

Жедел іздестіру қызметін реттейтін заң мен нормативті актілерде көзделгеннен басқа реттерде, салық милициясының іс жүргізу мен жедел іздестіру жұмысына араласуға жол берілмейді.

4. Салық милициясының қызметі заңдылық принциптері, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтеу, жұмыстың жариялы және жария емес әдістерін ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

Салық милициясы өз қызметін құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен өзара бірлесіп іс-әрекет жасай отырып атқарады.

5. Салық милициясының барлық буынының қызметіне жалпы басшылықты

Бас салық инспекциясының бастығы жүзеге асырады.

6. Салық милициясының органдары мен бөлімшелеріне лауазымы бойынша Бас салық инспекциясы бастығының орынбасары болып табылатын салық милициясы басқармасының бастығы тікелей басшылық етеді, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Салық милициясы бастықтары лауазымы жөнінен тиісінше облыстар, аудандар, қалалар және қаладағы аудандар бойынша салық инспекциясы бастығының орынбасарлары болып табылады.

Салық милициясы басқармасының басшылары мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, облыстар, аудандар, қалалар мен қаладағы аудандар бойынша салық инспекцияларының салық милициясы бастықтары, облыстар, Алматы және Ленинск қалалары бойынша салық инспекциялары салық милициясы бастықтарының орынбасарлары "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Заңда көзделген тәртіппен салық милициясы басқармасының ұсынуы бойынша, ерекше жағдайда оның ұсынысынсыз қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

7. Салық милициясына еріктілік негізде, жеке басының, моральдік қасиеттеріне, денсаулығына және білім дәрежесіне қарай өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алатын Қазақстан Республикасының азаматтары алынады.

Бұрын қылмысты жауапкершілікке тартылған адамдар салық милициясына қабылдана алмайды.

8. Тиісті нормативті актілер қабылдағанға дейін салық милициясы адам құрамының қызмет өткеру және қызметтік міндеттерін атқару тәртібі Ішкі істер министрлігі жүйесінде қолданылып жүрген Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ереже мен басқа да нормативті актілерде көзделген тәртіпке қарайластырып, салық қызметінің жұмыс ерекшелігі мен мынадай қағидалардан туындайтын айырмашылығы ескерілетіріп белгіленеді:

офицерлер құрамының алғашқы және кезектегі арнайы атағын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі береді;

салық милициясы басқармасының бастығы лауазымдық жағдайы бойынша Ішкі істер министрлігі Бас басқармасының бастығына, облыстық, Алматы және Ленинск қалаларының салық милициясының бастықтары - қалалық /аудандық/ ішкі істер басқармасының бастықтарына, аудандағы /қалалардағыны қоса/ салық милициясының бастықтары - қалалық /поселкелік/ милиция бөлімшелері бастықтарына теңестіріледі;

салық милициясына Ішкі ісмині жүйесінің әскери-дәрігерлік комиссиялары қызмет көрсетеді;

салық милициясы қызметкерлері Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісілген шарттар негізінде Ішкіісмині жүйесіндегі оқу орындарында бастапқы даярлаудан, қайта даярлаудан өтеді, біліктілігін көтереді, о қ ы т ы л а д ы ;

салық милициясына ауыстырылған салық қызметі қызметкерлеріне арнаулы атақтар берілгенше, салық қызметі қызметкерлері үшін көзделген еңбекақы мен б а с қ а т ө л е м д е р с а қ т а л а д ы ;

салық милициясына ауыстырылған салық қызметі қызметкерлеріне арнаулы атақтар олар 40 жасқа толғанға дейін берілуі мүмкін.

II. Салық милициясы органдарының негізгі міндеті міндеттіліктері мен құқықтары

9. Салық милициясының негізі міндеті:

салық заңдары саласындағы құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі ш а р а л а р д ы і с к е а с ы р у ;

заңды және жеке тұлғалардың пайданы /кірісті/ жасыру немесе кемітіп көрсету, салық салу объектілерін бүрмелеу мақсатымен жасалатын қылмыс пен құқық бұзушылықты, бюджетке салық пен басқа төлемдер жасаудағы өзге де жалтаруларды, сондай-ақ бюджетке салық пен басқа да төлемдердің алынбай калуына немесе кем алынуына байланысты мемлекетке зиян шектірген өзге де қылмыс пен құқық бұзушылықты анықтау мен тыю;

салық құқық бұзушылығы бойынша мемлекетке келтірілген зиянның толығымен әрі уақтылы қайтарылуы жөнінде шаралар қолдану;

салық жұмысы қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қызмет бабындағы міндеттерін орындаған кезде оның қызметкерлерін қылмыстық және жеке бастарына қарсы құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау;

салық органдарындағы сыбайластық жең ұшына жалғасудың алдын алу, а н ы қ т а у ж әне ж о л ы н к е с у ;

бюджетке салық пен басқа төлемдер жасаудан жалтарған адамдарды іздестіру б о л ы п т а б ы л а д ы .

Салық милициясына заңдарда және осы Ережеде тікелей көзделмеген міндеттер жүктелуге тиіс емес.

10. Салық милициясы органдары:

өзінің өкілеттігі шегінде салық қылмыстары мен өзге құқық бұзушылықтар туралы ақпарат жинап, талдап отыруға; қажет болған жағдайда салық құқығын бұзушылыққа итермелейтін себептер мен шарттарды жою жөнінде кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларына ұсыныстар енгізуге;

салық құқығын бұзуға әзірлік жасалып жатқаны немесе жасалғаны туралы

арыздарды, хабарларды және басқа ақпаратты қарап, белгіленген тәртіп бойынша олардың тексерілуін іске асыруға;

салық қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарды анықтап тыюға, сондай-ақ салық төлеуден жалтарған адамдарды іздестіруге бағытталған жедел іздестіруге іс-шараларын өздігінен немесе басқа құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып жүргізуге;

басқа құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып салық құқығын бұзуға қарсы күрес бағдарламасын жасауға және жүзеге асыруға қатысуға;

салық милициясының төменгі буындарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге міндетті.

11. Салық милициясы органдарының:

азаматтар мен лауазымды адамдардан, егер қолдарына олардың әкімшілік құқық бұзғанына немесе қылмыс жасағанына күдік туғызарлық жеткілікті негіз болса, олардың жеке басын анықтау үшін қажетті құжаттар талап етуге және тексеруге;

бюджетке жасалатын салық пен басқа төлемдерде есептеу мен төлеттіруге байланысты министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде және ведомстволарда, кеден қызметтерінде, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші /оның ішінде жұмысының режимі ерекше/ субъектілерде, сондай-ақ азаматтарға тексеру жүргізуге;

кассаларды, ақша, тауарлық материалдық құндылықтар мен құжаттар сақтайтын басқа орындарды мөрлеп жабуға, ал негіз болған жағдайда, салық төлеушілер пайда /табыс/ табу үшін пайдаланатын кез-келген өндірістік, қойма, сауда және өзге де жайларға заңда белгіленген тәртіппен ашып кіруге;

тек қызмет мақсатында ғана тексеріліп жатқан кәсіпорындар мен азаматтардың кәсіпкерлік қызметі, операциялары және шоттарындағы ақша қаражатының жайы-күйі туралы басқа кәсіпорындардан банктер мен өзге қаржы кредит мекемелерінен, биржалар мен азаматтардан мәліметтер, анықтамалар, сондай-ақ құжаттар алуға;

салық қызметі органдарының қаражаты есебінен төлеу арқылы кәсіпорындардың білікті мамандарын, басқа да бақылау органдардың қызметкерлерін тексеру, тексеріс, пен сараптамалар жүргізуге тартуға;

құқық бұзушылық жасады деп шүбә туғызған адамның қылмысты істерін тіркеуге алу үшін жедел-техникалық құралдарды қолдануға;

заңда көзделген тәртіппен қару, арнаулы құралдар ұстауға, алып жүруге және қолдануға, күш қолдануға;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға, әкімшілік жолмен ұстауды жүзеге асыруға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарда көзделіп салық қызметі органдарына заңмен берілген өкілеттік шегінде басқа да

ш а р а л а р д ы

қ о л д а н у ғ а ;

өз құзырының шегінде салық құқық бұзушылығына қарсы күресу мақсатында адамдарды, заттар мен фактілерді тізімге алуды жүзеге асыруға;

өз құзыры шегінде алдын ала анықтау органы үшін заңда көзделген құқықтарды пайдалануға ;

камтуындағы учаскелердің шегінде елді мекендер, қала маңы мен жергілікті қатынаста /таксиден, дипломатиялық, елшілік, консулдық пен халықаралық ұйымдар иелігінен көліктен басқа/ қоғамдық көліктің барлық түрлерімен, селолық жерде - жолшыбай көлікпен, сондай-ақ, поездбен, теңіз бен өзен кемелерімен тегін жүріп-тұруға ;

іс-сапар куәлігін көрсетіп, көліктің барлық түрлеріне кезектен

тыс жүріс құжатын /билет/ сатып алуға және мейманханалардан орын алуға;

қызметтегі міндетін орындау кезінде кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің байланыс құралдарын, сондай-ақ келісім алып, қажет болған жағдайда, өтемақы төлеу ретімен азаматтардың байланыс құралдарын пайдалануға;

арнайы киім үлгілерін киіп жүруге және олармен тегін қамтамасыз етілуге құқығы бар.

III. Салық милициясы қызметкерлерінің жауапкершілігі және оның қызметін қадағалау

12. Салық милициясы қызметкерлері құқыққа қарсы әрекеттері үшін заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.

13. Салық милициясының заңды дәл әрі біркелкі орындауын бақылауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен бағынысты прокурорлар іске асырады .